

"Респубикалық бюджетке түсетін түсімдерді алуға, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін сомалардың, қарыздардың бюджетке артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы 136 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 38 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 25 қаңтарда № 22115 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 маусымдағы № 318 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 24.06.2025 № 318 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Респубикалық бюджетке түсетін түсімдерді алуға, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін сомалардың, қарыздардың бюджетке артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 136 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16423 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 16 наурызда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Республикалық бюджетке түсетін түсімдерді алуға, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, трансферттердің, бюджеттік кредиттерді өтеу сомаларының, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін сомалардың, қарыздардың бюджетке артық (қате) төленген сомаларын бюджеттен қайтаруға және (немесе) есепке жатқызуға жауапты уәкілетті органдардың тізбесінде:

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

9.

		орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
		Мұнай секторы үйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
		Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы үйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
9.	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын уәкілетті мемлекеттік органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (мәжбүрлеп орынданату туралы сот қаулысы болған жағдайда)	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы үйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар
		Мұнай секторы үйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер
		Тәркіленген мұлікті, "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысы негізінде республикалық меншікке өтеусіз өткен мұлікті, оның ішінде кедендей көлік тарту режимінде мемлекеттің пайдасына ресімделген тауарлар мен көлік күралдарын сатудан түсетін түсімдер
		Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің таза кірісі бөлігінің түсімдері

";

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда
--	---

13.	Жергілікті атқарушы орган	ауыл шаруашылығы алкаптарын пайдалану үшін оларды алған кезде ауыл шаруашылығы өндірістерінің зияндарын өтеуден түсетін түсімдер  Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участеклерін сатудан түсетін түсімдер

";

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

16.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті	Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын сатудан түсетін түсімдер  Мемлекеттік резервінің материалдық құндылықтарын сатудан түсетін түсімдер

";

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

20.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	Мемлекеттік ұзак мерзімді қазынашылық міндеттемелер  Мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер  Мемлекеттік қыска мерзімді қазынашылық міндеттемелер  Мемлекеттік әмиссиялық бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздаррында сатудан түсетін түсімдер  Өзге де мемлекеттік әмиссиялық бағалы қағаздар  Қазақстан Республикасының Үкіметі алатын қарыздар  Халықаралық қаржы үйимдарынан Кредиттер  Шет мемлекеттерден кредиттер  Шетелдік коммерциялық банктер мен фирмалардан кредиттер  Сыртқы капитал рыноктарында орналыстырылған мемлекеттік борыштық міндеттемелер  Өзге де мемлекеттік әмиссиялық бағалы қағаздар

".

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық және кеден заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінде интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс қуні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

E. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК